

Бал дәурен



№14 (333) 15 шілде 2015 жыл

Газет 2001 жылдан бастап шығады

Жаңалықтар.Хабарлар

Жеңіске - 70 жыл

"Туады ерлер ел үшін..."



Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойына орай №114 орта мектептің кітапханашысы Төремұратова Әсемкүл апайдың ұйымдастыруымен "Қазақ хандығының құрылуы" туралы оқырман сағаты өтті. Мақсаты Қазақ хандығының құрылуына себеп болған басты шарттарының бірі - Әбілхайыр хандығындағы ру-тайпалардың саяси жағдайы, олардың шаруашылық өмірлеріндегі дағдарыстар, хан ұрпақтарының билік үшін таласы, халық бұқарасының Әбілхайыр ханға наразылығы туралы тоқтала келе 1465-66 жылдары Қозыбасыда Қазақ хандығы құрылғаны жайлы айтылды. Жаңадан құрылған Қазақ хандығының тағына Шыңғысханның ұрпағы болғандықтан, Керей мен Жәнібек сұлтандардың екеуінің де отыруға құқы болды. Бірақ, тәртіп бойынша жасының үлкендігі де ескерілді, сондықтан, хан тағына Керей отырды. Ақылдасар тірегі Жәнібек болды. 2015 жылы Керей мен Жәнібек Шу мен Талас өзендерінің арасындағы аймаққа орналасып, қазақтың туын

көкке көтергеніне 550 жыл толды. Бұл оқиға қазақ халқының тарихындағы маңызды оқиға болды. Ол ұлан байтақ өңірді мекендеген қазақ тайпаларының басын қосып шоғырландыруда, қазақтың этникалық аумағын біріктіруде, қазақтың байырғы заманнан басталған өз ауылында жеке ел болып қалыптасуын біржолата аяқтауда аса маңызды және түбегейлі шешуші рөл атқаруда. Ата-бабаларымыз бізге бірліктің, ынтымақтың, тұтастықтың ұлы үлгісін көрсетіп кетті. Қазақстанның арғы бергі тарихының ең ғибратты тағылымы міне, осында. Қорыта келе оқырман сағатына 6-7-сынып оқушылары қатысып, мәнерлеп оқудан, көрініс арқылы өз өнерлерін ортаға салды. Сонымен бірге, кітап көрмесі ұйымдастырылып, Төремұратова Әсемкүл апай түсіндіріп өтті. Оқырман сағаты өз дәрежесінде өтілді.

Ұлжан ӘБЕНОВА,
№114 орта мектеп мұғалімі.
Жалағаш ауданы.

Оқушылар хаттары

Журналист болғым келеді

Мына өмірде, жүрегінде,
Бойыңда ыстық қан барда.
Болмысты да, болмасты да
Болады деп арманда - деп ақиық ақын Мұқағали атамыз жырлағандай, бәрі де армандаудан басталады. Армансыз адам - қанатсыз құспен тең. Әр адамның өз болмысына сай бала кезден армандаған арманы болады. Менің арманым - журналист болу. Бала күнімнен шығарма жазуға, сөйлеуге жақын болдым. Теледидардан жаңалықтар мен түрлі бағдарламалар көріп, өздігімше сараптап, жақсысын алып, көңілге түйіп отырамын. Жүргізуші-дикторлардың дауыс ырғағына, сөйлеу мәнеріне мән беріп, тәнті болатынымын. Үлгі тұтар жүргізушім - Гүлназ Әлімгерей. Болашақта өзімнің тележобам болса деймін. Менің ойымда көптеген арман-тілектер тұр. Алла қаласа, бәрі де ретімен орындалады деген сенімдемін. Журналист - қарапайым халық сөзін сөйлейтін, басын тауға да тасқа да соғатын, тек шындықтың жағында жүретін адам. Ол - сөзге шешен, ойы дәл ұтқыр, адамдармен тез қарым-қатынасқа түсетін, қарапайым болуы керек. Менің арманым - тек қана журналист болу емес, қоғамға керекті, елімізге еңбегі сіңер, атқарған жұмысымен үлгі болар, нағыз кәсіби маман атану. Мен осы мамандықты игеру мақсатында аянбай еңбек етуге дайынмын. Бүгінгі күнде журналистиканың қыр-сырын толық білмесем

де бұл жолда өз ісімді қалдыру, білікті де білімді мамандардың қатарында болу - мен үшін үлкен арман. Ал, арман адамды баулып, үлкен бір асуларға жеткізетін дүние ғой. Журналист - хабаршы, жаңалық жаршысы деп жатамыз. Астарына үңілсек, ол - жан-жақты саалы мамандық иесі. Адам мен саясат арасындағы алтын көпір іспетті. Таразының басын тең ұстай алар тұлға, ол - журналист. "Баспасөзі мықты болған ел - нағыз ел". Ғасырлар бойы өркендеп келе жатқан мемлекетіміз білікті де білімді, өнерлі де айбынды жастарды қоғамның бір бөлшегі болғандықтан, гүлденген, дамыған, өркендетті Қазақстанымның жарқын болашағына нық сенемін. "Нұрлы жол - болашаққа бастар жол" деп, Елбасымыз айтқандай, болашақтың кілті біздің, яғни, Мәңгілік ел ұландарының қолында. Мен еліміздің дамуына, өркендеуіне, басқа елдермен қатар керегесі кең, терезесі тең болып өсуіне өз үлесімді қосамын. Және биылғы жас түлектерге тілерім - Ұлттық бірыңғай тестілеуде өз білімдеріңізді дәлелдейтін нәтижелерге қол жеткізуіңізге тілектеспін. Бәрімізде бір арман, бір мақсат... Бұл сынақтан да сүрінбей өтейік!

Гүлзат ҚАНИБАЕВА,
№135 орта мектептің
11-сынып оқушысы.
Сырдария ауданы.

Отан үшін отқа түс, күймейсің

Тарих көші үнемі жаңарып отырады. Десе де ұмытылмайтын, ескірмейтін тарихи оқиғалар болады. Соның бірі - әлемді дүр сілкіндірген II дүниежүзілік соғыстың қасіреті мен батыр ағаларымыз бен апаларымыздың ерлігін ешкімде ешқашанда ұмытпақ емес.

Жеңіс... Иә, оны сан миллиондаған адамдар 4 жыл бойы минуттап, сағаттап сарыла күтті емес пе? Ақыры олардың үміті мен сенімі ақталды. Тілектері орындалды. Бірақ сол жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс жолында Отан үшін от кешіп миллиондаған асыл азаматтар мерт болды. Жауымен жан аямай шайқасып, ерліктің ерен үлгілерін көрсетті. Ана жарын жоғалтып жесір, бала әкесінен айырылып жетім атанды. Фашистердің тұтқын лагерінде қанша ана мен бала айуандықпен азаптап өлтірілді. Ал, тылда қалған қарттар, аналар мен бесіктен белі шықпаған балалар соғыстың қайғы-қасіретін арқалай жүріп, бірде аш, бірде тоқ тынбай жұмыс істеді. Бірақ, ешкімнің сағы сынбады. Жігері жасымалды. Олардың бойындағы сенім Жеңіс сағытын жақындата түсті.

Қазақтың бір туар азаматы дәм жазып майдан даласынан туған жерге аман оралып, өзінің адал еңбегімен бейбіт күннің өркендеуіне үлес қосқан ардақты атам Мырзабай ұлы Шілтен жайлы ой өрбітсем деймін.

Мен Шілтен атаның бесінші қызы Майрадан туған 32-ші немересі боламын. Мен атамды көрген жоқпын, ол жайлы естелікті анамның айтуы бойынша баяндаймын. Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында атамның ерлігі, майданнан кейінгі өнегелі ғұмыры туралы естелік жазуды өзімнің перзенттік парызым деп түсіндім.

Мырзабай ұлы Шілтен 1922 жылы 2 наурызда дүниеге келіп, 2003 жылы дүниеден озды. Атадан 5 ұл мен 6 қыз бала қалды. Шілтен ата атына заты сай өте шыншыл адал ел ағасы. Ата бойынан қаншама қасиеттерді өнеге етіп алуға болады. Мырзабай ұлы Шілтен атаның кең жүректілігі, адалдығы, ақ жолдан таймай кесіп айтуы атаның ұрпақтарына үлгі.

Шілтен қария анасынан жастай жетім қалыпты. Оны әкесі үнемі қасынан тастамай жүреді екен. "Көзінде оты бар, түбі бір жерден шығады" деген әке үміті де зор болған екен. Десе-дегендей атам зерек, алғыр, сауатты болып өсіпті. Әркез қиыншылыққа мойымай білім іздеп, оқуын жалғастырып отырған. Көп ізденудің арқасында шетел тілдерін де жақсы меңгерген екен.

Ол әскер қатарына 1942 жылы 19 қаңтарда алынған. Тула, Липецк, Воро-



неж қалаларын қорғауға қатысқан. Сол кезеңде бұлардың дивизиясы жау қоршауында қалып, тұтқынға түседі. Сол қыспақтан неміс тілін жетік білгендігінің арқасында құтылып шығады. Және жанындағы достарына да көп көмегі тиген екен.

Иә, біз соғысты көрген жоқпыз. Сондықтан да біздер ол тажалды бастан кешкендердің айтуы ғана бойынша елестете аламыз. Сондай сұрапыл тажалдың күегері Шілтен атам қаншама қиында ұмытылмас сәттерді басынан өткеріп, 1952 жылы туған топырағына оралады.

Туған жерге оралу бақыты бұйырған Шілтен атам өзін тағдырға қарыздармын деп сезінген. Ол өмірінің соңына дейін Отанына, еліне аянбай еңбек етуді мақсат етті. Өмір бойы аудандық су шаруашылығында бағбан болып, ара өсіру кәсібін жолға қойды. Аудан жұртшылығын дәмді де емдік қасиеті ерекше бал өнімдерімен қамтамасыз етті. Ауыр да, бейнеті мол кәсіп жыл сайын өз жемісін беріп, соның арқасында өсіріп отырған ұлқыздарының білім алуына жол ашты. "Ата көрген оқ жонар" демеуші атабаба жолын, артындағы ұрпақтары жал ғастырып, қазіргі таңда Шілтен атамның аты елге мақтаныш, үлгі-нұсқа. Мен осындай дара тұлғаның ұрпағы екеніне мақтанамын және де мақтан етемін.

Ұлы Отан соғысындағы - Ұлы жеңіс. Осы соғыста қасық қанын қиып ұрыс даласынан қайтпай қалған қаһармандар қаншама! Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігіміздің нұрындай мәңгі шуағын шашпақ! Осындай бабамыздың арқасында біздер бейбіт заманда өмір сүрудеміз.

Сабина ТАСУБАЙ,
№110 мектеп-лицейдің
3-сынып оқушысы.
Жаңақорған ауданы.

Хаттар танысы

Достарым

Менің Нұрайым және Қарашаш атты үздік оқитын достарым бар. Екеуі сабақ үздік оқиды. Бойларында жақсы қасиеттер бар. Кімге болса да, көмектесуге дайын тұрады. Мен достарым-

ның осындай тамаша қасиеттерін мақтан тұтамын.

Қарақат СЕЙДУЛЛА,
№52 Б.Аралбаев атындағы
орта мектептің оқушысы.

Жаңалықтар. Хабарлар

Жеңіске-70 жыл құрметіне
өткізілген жарыс

"Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 70 жыл болады. Адамзат тарихындағы ең алапат соғыстағы Ұлы Жеңіске біздің халқымыз өшпес үлес қосты. Майданға аттанған 1 миллион 200 мың жерлесіміздің тең жартысы ерлікпен қаза тапты. 500-ден астам қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атанды. Соғыс жылдарында бүкіл халқымыз тыл жұмысына жұмылып, жеңісті жақындатуға еңбек сіңірді. Хас дұшпанға қарсы атылған әрбір он оқтың тоғыз қазақ жерінде жасалды. Әкелеріміздің ерлігі мен аналарымыздың еңбегі ұрпақ жадында мәңгі сақталады. Біздің жеңістеріміздің тарихы - патриотизм мен ел бірлігінің нағыз үлгісі. Біз Ұлы Жеңісті мәңгі ұлықтап өтеміз." Елбасы Н. Назарбаев.

Біз - бейбіт елдің ұрпағымыз. Бейбітшілік бізге оңайлықпен жеткен жоқ. Талай боздақтардың қаны төгілді жеңіс жолында. Омырауларын елі үшін оққа тосты, ер елінен "елім үшін, жерім үшін" деп қоштасты. Жанын Отан үшін пиде етті.

Сол Ұлы Жеңіске биыл 70 жыл толды. Аз уақыт емес, әрине. Сол Жеңістің 70 жылдығын бейбіт елдің ұрпақтары, біздер тойлап жатырмыз. Біздер, ұстаздар, сұрапыл соғыстың мәнін кейінгі ұрпақтарға ұғындырамыз.

Жеңістің 70 жылдық құрметіне №

268 орта мектепте футбол ойынынан өткізілген мектепаралық жарыс өткізілді. Жарысқа қала мектептерінен 8 команда қатысты. Олар - №11, №148, №215, №218, №172, №176, №257, №268 мектептер.

12-13 жас аралықтарындағы мектеп оқушыларынан құралған командалардың әрқайсысында 8 оқушыдан болды. 15 минуттан уақыт беріліп, футбол ойыны 2 таймнан тұрды.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру, сонымен қатар Ұлы Жеңістің 70 жылдығын ұлықтау мақсатында өткізілген футбол жарысы ұйымшылықпен өткізілді. Командалардағы оқушылар белсенділігі өте жоғары болды.

Жеңіске жеткен командалар қалалық білім бөлімінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталды. Бірінші дәрежелі диплом №11 мектептің ойыншылар командасына тапсырылса, II дәрежелі дипломды №257 мектеп ойыншылары жеңіп алды, ал III дәрежелі диплом №268 мектептің еншісіне тиді.

Нұржан АЯҒАНОВ,
№268 орта мектептің
дене шынықтыру пәнінің
бірілестік жетекшісі.
Қызылорда қаласы.



Ержеңіс Әбдиев ағаға

Аралдың айдынынан ұшқан ақын,
Айтыста айтып жүрген елдің датын.
Ержеңіс Әбдиев деп шыққан кезде,
Дуылдап қоя берер ел мен халқың.

Біз сізді үлге етеміз данадайын,
Қуанып айтыстарда көрген сайын.
Шын тұлпардың ізіне еріп келет,
Біз секілді ойнақтап құлын, тайың.

Тілейміз сізге аға жақсылықтар,
Болсыншы өзіңізге құдайым жар.
Шәкіртіңіз болсақ қой сіздің біздер,
Тілінде сөз, басында бақытты бар.

Математик әрі ақын ағамызға,
Жоғары болады біздің бағамыз да.
Кездесуден естелік болып қалсын,
Сөзден қағып қалдырған тағаңыз да.

Ақ параққа жазылған тілегіміз,
Аға сізге ақ, адал жүрегіміз.
Сізді көкке қашанда көтереміз,
Талғанша бел, талғанша білегіміз.

Жансая НАСРАДДИНОВА,
Оқушылар Үйі "Жас тілші"
үйірмесінің мүшесі.
Тасбөгет кенті.

Мұхтар Ниязов ағаға

Мұхтар аға, айтыстың ақтангері,
Құрмет тұтар Алаштың киелі елі.
Шаң жұқтырмас тұлпар ғой
Тек елім деп ағатын мандай тері.

Мұхтар аға, айтыстың ақиығы,
Болған емес ойының бір түйығы.
Тілі алдаспан, сөздері жай оғындай,
Ойы терең секілді жер ұйығы.

Мұхтар аға, айтыстың құлагері,
Жүрегінде жазылған елдің шері.

Сүйреп келе жатқандай қоғамдағы,
Құбылысты кей кей бір кеткен кері.

Мұхтар аға, алтын домбыра иегері,
Өнерін озық ердің сүйеді елі.
Мақтан тұтып бізде аға
құрметтейміз.
Сіздерге ашық әрқашан көңіл төрі.

Аякөз ТАЛҒАТҚЫЗЫ,
Оқушылар Үйі "Жас тілші"
үйірмесінің мүшесі.
Тасбөгет кенті.

Оқушылар шығармалары

Тәуелсіз елдің ұланы



Ұланымын қазағымның тәуелсіз,
Біледі оны әрбір адам дәлелсіз.
23 жыл тәелсіздік алғанға,
23 жыл таза қазақ болғанға.

Күнін көрді қиын талай аналар,
Жанын берді бұған талай ағалар.
Бірақ олар еш нәрседен тайынбай,
Тәуелсіздік алған екен балалар.

Қиын болды ол кездері тамақсыз,
Аш та болды, жылусыз да, қуатсыз.
2 миллион адамдары қырылып,
Ақталмады сансыз арман, мың
үміт.

Жанын қиған Сәкен сынды ағамыз,
Жанын берген қанша ата-апамыз.
Егеменде өмір сүрсін деп бізді,
Төккен қанын, терін ата-бабамыз.

Елін қорғап жазды өлең- әндерін,
Елін қолдап көрді қиын күндерін.
Тәуелсіздік ойларында болғаны,
Оны алып ұзақ уақыт тойлады.

Ана тілім

Ана тілім - құрмет тұтар арманым,
Сенсіз мен ешбір жаққа бармадым.
Өз тілінде сөйлемеген қазақтарды,
Бәріненде, бәріненде ұнатпадым.
Қандай қазақ сөйлемейді қазақша,
Өз тілінде сөйлемесе қазақ па?
Қазақ деген атым барда әлі де,
Сөйлей берем, сөйлей берем
қазақша!!!

Мамандығым

Мамандығым не екенін білмеймін,
Оны өскен соң он-он бірде көрейін.
Өлең жазам, сурет салам, есептеймін,
Ақылдымын деп өзімді құрметтеймін.
Ең алғаш мектебімді бітіремін,
Ұстаздарға алғысымды білдіремін.
Кіммін сонда ойланып мен көргенде
Ақын қызын, суретшімін деп
білемін.

Туған күніңізбен

Туған күнің құтты болсын алтын
әпкем!
Бақытты боп, ауырмашы жаным
әпкем!
Құттықтаймыз сені бүгін туған
күнмен!
Теңейміз сені қазір алтын күнмен!

Есею

Мен есейе бастадым,
Қуыршақты тастадым.
Кітап алып қолыма,
Оқуды да бастадым.

Мектебіме келдім де,
Табалдырықтан аттадым.
Сыныбыма кірдім де,
Өлең, тақпақ жаттадым.

Әсел ҒАБИТҚЫЗЫ,
№51 орта мектептің
6-сынып оқушысы.
Жаңақорған ауданы.

Меншік иесі:
"Сыр мектебі"
жауапкершілігі

Айына екі рет шығады

Бас редактор Махмұтбай ӘМІРЕҰЛЫ

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет редакция компьютерінде теріліп, беттелген.
"Print" баспаханасында басылды.
Тапсырыс - 727.

Газет Қазақстан
Республикасы Ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2001 жылы
28 қазанда тіркеліп, №2418-Г
күзегін алған.
Индекс 65639.
Таралымы 1818 дана.

Мекен-жайымыз:
Қызылорда қаласы, Тасбөгет қонысы,
М.Шоқай көшесі №8 үй.
Телефондар:
Бас редактор: 21-50-75.
Тілшілер, есепші: 40-06-72.
E-mail: syrmektebi@mail.ru